



Ж Қ Р А

№ 48 (5183) сенбі
27 қараша 2010 жыл

Газет 1963 жылдан бастап шығады

Аудандық қозамдық саяси газеті

САММИТ ОБСЕ – ЭТО УСПЕХ И ГОРДОСТЬ ВСЕХ КАЗАХСТАНЦЕВ!



1-2 декабря в Астане пройдет саммит ОБСЕ. В столицу Казахстана для обсуждения актуальных вопросов построения всеобъемлющей, неделимой и

кооперативной безопасности в евро-атлантическом и евразийском пространстве приедут главы государств и правительств 55 стран-участниц ОБСЕ, 12 стран-партнеров организации, руководители 69 международных организаций, представители около 500 НПО и более 1000 журналистов.

ПРОВЕДЕНИЕ САММИТА В АСТАНЕ – ЭТО:

- признание международного авторитета Казахстана и миротворческой деятельности Главы нашего государства;
- высокая оценка вклада Казахстана в укрепление международной безопасности, обеспечение глобального диалога по актуальным вопросам дальнейшего развития мира;
- результат и признание уникальной модели межнационального мира и согласия в нашей республике, социально-экономических и политических достижений республики за годы независимости;
- площадка для повышения международной узнаваемости Казахстана, демонстрации его успехов, экономического потенциала и культурной уникальности;
- вклад в обеспечение безопасности и стабильности страны, укрепление ее независимости;
- фактор роста инвестиций в казахстанскую экономику, развития туризма и расширения деловых контактов;
- возможность повышения внимания мирового сообщества к решению проблем Центрально-Азиатского региона.

ДОВЕРИЕ, ТРАДИЦИИ, ТРАНСПАРЕНТНОСТЬ, ТОЛЕРАНТНОСТЬ

За заслуги перед государством, активную общественную деятельность, значительный вклад в развитие сельского хозяйства и в связи с 60-летним юбилеем опытный земледелец, кавалер орденов «Парасат», «Құрмет», депутат районного маслихата, директор элитно-семеноводческого хозяйства ТОО «Шахтерское» Георгий Георгиевич Прокоп награжден Благодарственным письмом Президента Республики Казахстан.

Продовольственная безопасность «Ауыл береке - 2010»

Нуринский район ежегодно принимает активное участие в традиционной сельскохозяйственной ярмарке «Ауыл береке». В ярмарках нынешнего года активное участие приняли жители всех населенных пунктов района.

- Было реализовано продукции в г. Караганде:
- мясная продукция в общем количестве 31530 кг на 21,5 млн. тенге, в том числе: - говядина – по цене 650 тенге за 1 кг; свинина – по цене 600 тенге за 1 кг; баранина – по цене 600 тенге за кг; птица – по цене 430 тенге за кг.
- овощная продукция в общем количестве 40,5 тонн на 1827,5 тыс.тенге, в том числе: капуста – по цене 35 тенге за 1 кг; морковь – по цене 55 тенге за 1 кг; картофель – по цене 45 тенге за 1 кг.
- молочная продукция в общем количестве 1540 кг на 154,8 тыс. тенге, в том числе: - молоко – по цене 80 тенге за 1 кг; сметана – по цене 550 тенге за 1 кг; - масло – по цене 850 тенге за 1 кг.

В целом, в городе Караганде Нуринский район реализовал на ярмарке продукцию на общую сумму 27,2 млн. тенге. Кроме того, в этом году Нуринский район представлял и реализовывал свою продукцию в г. Астана – 2 октября, г. Пришахтинск – 9 октября. Всего на сельскохозяйственных ярмарках в городах Астана, Пришахтинск, Караганда было реализовано продукции на общую сумму 39,2 млн. тенге. Проведение подобных ярмарок свидетельствует о стабильном развитии и наличии продовольственного запаса сельского района.

Подводя итоги нынешней ярмарки аким города Б.Абдишев поблагодарил нуринцев за участие в данном мероприятии и от имени городского акимата Нуринскому району был вручен плазменный телевизор, а акиму села Заречное К.Дугарову - благодарственное письмо.

БАРША БАЙЛЫҚТЫҢ АНАСЫ - ЖЕР

Сейсенбі күні аудандық Мәдениет үйінде ауыл еңбеккерлерінің кәсіби мерекесіне арналған салтанатты жиын өтті.

Ауыл шаруашылық қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне арналған салтанатты жиынға аудан әкімінің орынбасарлары Б.Шайжанов, З.Даутова, Д.Мақсұтов, аудандық Мәслихат хатшысы Е.Тұранов, ауыл, кент әкімдері және барлық шаруашылық басшылары мен еңбек озаттары қатысты.

Салтанатты жиында ауыл еңбеккерлерін құттықтау сөз алған аудан әкімінің орынбасары Байдолла Шайжанов, өз сөзінде ауыл шаруашылық жылын қорытындылай келе, былай деді:

- Бүгін біз Сіздермен бірге ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің кәсіби мерекесін салтанатты түрде атап өтуге жиналып отырмыз. Бүгінгі салтанатты жиынға еңбек ардагерлері, ауыл шаруашылығының еңбеккерлері, басшылары, Нұра ауданын астықты аймаққа айналуына адал еңбек етіп сүбелі үлесін қосып отырған ардақты азаматтар жиналып отыр. Сіздердің қажырлы еңбектеріңіз бен төзімділігіңіз арқасында елдің берекесі молайып, алтын бесігіміз – ауылымыз көркейіп гүлдене береді. Елбасымыздың тікелей тапсыруымен ауыл шаруашылығын дамыту, өркендету үшін жасалып жатқан ауқымды шаралар жүзеге асуда.

Агроөнеркәсіп саласында орындалып жатқан үлкен істердің негізгі мақсаты ауыл тұрғындарының әл-ауқатын жақсарту, ауыл мен қала тұрғындарының табыстары арасындағы айырмашылықты қысқарту болып табылатындығын айтқан жөн. Нұра өңірі негізінен облыста, Республикада өзінің жоғарғы сапалы астығымен танымал.

Құрметті ауыл шаруашылығы қызметкерлері, Сіздерді аудан әкімдігі атынан осы бір кәсіби мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтап, аудан экономикасына қомақты үлес қосудағы және еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі жігерлі еңбектеріңізде зор табыс тілеймін!

Аудан диқандары ауа райының қолайсыздығына қарамастан, алтын астықты ысырапсыз жинап, мемлекеттік ресурсқа 5710 тонна астық тапсырды. Біз бұл жерде «Парасат», «Құрмет» ордендерінің иегері Георгий Прокоп, «Құрмет» орденінің иегері Сейітжапар Нығметов, аудандық Мәслихат депутаты Бісман Балтабаев, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері Қанат Отарбаев жетекшілік ететін «Шахтер», «Қайнар», «Пржевальское», «Отқанжар» шаруашылықтарының ерен еңбектерін мақтанышпен атаймыз.

Елбасымыздың Қазақстан халқына Жолдауында көрсетілгендей " Ауыл шаруашылық құрылымдарының негізгі міндеті - ауыл шаруашылығының өнімділігін арттыру, жердің тозуына жол бермеу, су және табиғи ресурстарын пайдалану тиімділігін арттыру, сонымен қатар ескірген аграрлық технологиялардың қолданылуына тосқауыл қою, ұсақ шаруа қожалықтарының бытыраңқылығын еңсеру мәселелерін жүйелі түрде шешу" міндеттері қойылған болатын. Соңғы жылдары аудан шаруашылықтары қазіргі заманғы технологияларды қолданудың арқасында дөңді дақылдарды жинау өсті. Оған Үкімет тарапынан бөлініп отырған субсидиялардың көмегі өте зор. Оған қоса коктемгі күзгі дала жұмыстарына бөлінетін арзандатылған жанар жағар май, минералдық тыңайтқыштар, гербицидтар алынуы, мемлекет тарапынан ауыл шаруашылығына жасалып отырған қамқорлықтың қомақты екеніне дәлел болады. Жыл сайын егістікке толық агротехникалық шаралар жүргізіледі: авиациялық өңдеу, гербицидтер сіңіру, күзгі жер жырту жұмыстары жоспарлы түрде жүзеге асырылуда.

Бұдан соң еңбек озаттарын марапаттау рәсімі өткізілді. Агроөнеркәсіп кешені саласында жоғарғы көрсеткіштерге қол жеткізген "Отқанжар" ЖШСнің директоры Қанат Отарбаев ҚР Ауылшаруашылық Министрлігінің Құрмет Грамотасымен, ал облыс әкімінің Құрмет грамотасымен ауданымыздың элиталық тұқым шаруашылығының директоры Георгий Прокоп, "Қайнар" ЖШСнің малшысы Алтынбек Жаншин марапатталды. Ал "Шахтерское" ЖШСнің механизаторы Юрий Юсупов "Облыстың ең үздік механизаторы" болып танылды.

Аудан әкімінің «Құрмет грамотасымен» 5 еңбек озаты марапатталды: Баршын ауылындағы шаруа қожалығының басшысы Боранбай Мұханалиев, "Нұрастық" ЖШСнің механизаторы Қуаныш Шақенов, Майоровка ауылындағы шаруа қожалығының басшысы Василий Шестернин, "Отқанжар" ЖШСнің озат шопаны Әділхан Мазмағамбетов, "Пржевальское" ЖШСнің механизаторы Әділ Оспанов.

Озық технологияларды қолдана отырып, жоғарғы өнімге қол жеткізген, диқандардың көшбасшысы, екі жыл қатарынан алда келе жатқан еңбек майталманы, тәжірибелі басшы Сейілхан Оспанбайұлы Қоңырбаевқа «Ауыл шаруашылығының ақтаңгері» атағы беріліп, лента тағылып, кубок тапсырылды.

Одан соң ауыл жастарының арасында кәсіпкерлікті қолдау мақсатында Қарағанды облысы әкімінің арқайсысы 100 мың теңгеден 4 гранты тапсырылды. Оларды жеңіп алған аудан жастары: Заречное ауылының тұрғыны Евгения Сычева наубайхана ісіне, Кобетей ауылының тұрғыны Қарлығаш Жапарова шап-тараз қызметіне, Баршын ауылынан Думан Мұхаметжанов, Шыңғыс Оспанов монша ашу үшін алды.

Мерекенің шырайын аудандық Мәдениет үйінің өнерпаздары өздерінің кәсіби орындаған тамылжыған әндерімен, күмбірлеген күйлерімен, мың бұралған билерімен ауыл еңбеккерлеріне арнайы әзірлеген бағдарламасымен енгізді.

Бикен САҒЫМБЕКҚЫЗЫ

ВНИМАНИЮ НАСЕЛЕНИЯ РАЙОНА!

29 ноября 2010 года в 11.00 ч. в здании районного филиала НДП «Нур Отан» проводится прием населения депутат Мажилиса Парламента Республики Казахстан ДАУЛБАЙ МЕЙРАМОВИЧ КУСАИНОВ.

Прием проводится по адресу: п.Киевка, ул.Тауелсіздік 37. Общественная приемная РФ НДП «Нур Отан»

Нан иісі аңқыған өңірде оң серпілістер баршылық

Қазақстанның агроөнеркәсіп кешенінің тұрақтылығын қамтамасыз етіп, оны одан әрі тиімді дамыту және елімізде азық-түлік қауіпсіздігін сақтаудың әлеуметтік – экономикалық және саяси мәні зор болып отырғаны белгілі. Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің 2010 жылғы Қазақстан халқына «Жаңа онжылдық» жаңа экономикалық өрлеу - Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында 2020 жылға дейінгі елімізді индустриалды-инновациялық дамытудың маңызды стратегиялық міндеттерін айқындап берді. Бұл ретте агроөндірістік кешенді дамытуда үш негізгі бағытты көрсетіп берді.

Біріншіден - аграрлық индустриялық әртараптандыру негізінде 2014 жылы агроөндіріс кешенінің өнімділік мөлшерін ең кем дегенде екі есеге арттыру, яғни ауыл шаруашылық шикізатын өңдеу деңгейін өсіру, ауыл шаруашылығында әлемдік тәжірибелерді, жаңа технологияларды және тиімді әрекеттерді жедел енгізу.

Екіншіден, еліміздегі азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету-2014 жылы ішкі нарықтағы азық-түлік өнімінің 80%дан астамы отандық өнімдерден тұруы міндетті.

Үшіншіден, еліміздің экспорттық мүмкіншілігін іске асыруда бірінші кезекте Кедендік одақ, Орталық Азия, Кавказ және Таяу шығыс елдерінің нарығын игеру.

Отандық аграрлық жүйеге дер кезінде мемлекет тарапынан көрсетілген көмектің нәтижесінде кейбір елдердегідей бұл сала рецессияға ұшырамай, белгілі бір деңгейде даму қарқынын бәсеңдеткен жоқ. Сонымен қатар, соңғы жылдары ауылшаруашылық өнімдері көлемінің ұлғайуы байқалады.

Міне осындай жағдайда біздің ауданымыздың негізгі экономикалық бағыты болып отырған ауыл шаруашылық саласы қарқынды дамып, еліміздің гүлденуіне өзінің тиісті үлесін қосуда. Елімізде болып жатқан оң өзгерістер үнемі Нұра жерінен үйлесімді жалғасын тауып, елдің бүгінгі ғана емес, болашағы үшін де аса маңызды тиімді серпіліс, кең өріс ретінде көрінеді. Басты мақсат - агроөнеркәсіп кешенінің деңгейін әрі қарай көтеріп, сапалы өнім шығару мақсатында жаңа технологиялар қолдану, ауылдың тиімді инфрақұрылымын дамытып, өнімдердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру болып табылады.

2010 жылдың 19 қарашасында Облыстық ауыл шаруашылық басқармасының жасаған «Қарағанды облысының агроөнеркәсіп кешенінің индустриялық-инновациялық дамытудың 2011-2015 жылдарға және 2020 жылға дейін тұжырымдамасы» облыс әкімінен қолдау тауып, бекітілді. Осы мақсатқа республикалық, облыстық бюджеттен және басқа қаржы көздерінен 2020 жылға дейін 150 миллиардтағай қаржы қарастырылған тұжырымдаманы іске асыру жоспары дайындалған.

Тұжырымдаманың мақсаты келесі мәселерді түбегейлі шешуге бағытталды

- ауыл шаруашылық тауарларының өндіру көлемін арттыру
- ауыл шаруашылық тауарларының бәсекелік деңгейін көтеру
- мал шаруашылығының жоғарғы сапалы тауарға жеткізер асыл тұқымын, түсімі мол астық сұрыпын өсіруді ауыл шаруашылық қолданысына енгізу
- заманауи ресурс үнемдеу агротехнологиясын қолдануға енгізу
- агроөнеркәсіп кешенінің энергиялық күші және техникалық жарақаттануының деңгейін көтеру
- суармалы егіндікті қайта түлету
- жаңадан қайта өңдеу мекемелерін құру, бұрынғы бар қайта өңдеу мекемелерін модернизациялау
- ауыл шаруашылығы өндірісінің заманауи инфрақұрылымын дамыту
- ауылдағы еңбек ынтасын көтеру

Облыстық тұжырымдама негізінде «Нұра ауданының АӨК-ін индустриялық-инновациялық дамытудың 2011-2015 жылдарға және 2020 жылға дейін тұжырымдамасын» жасайтын боламыз, бұл іс шараға әрбір ауыл кент әкімдері, ауыл шаруашылық құрылымдарының басшылары ат салысқандары дұрыс.

Қазақстан Республикасы Үкіметі Агроөнеркәсіп кешенінің бәсекеге қабілеттілігін жоғарлатуда тиімді шаралар қолданып отыр. Оның дәлелі Агроөнеркәсіп кешенінің дамытудың нормативтік құқықтық базасы жасалғаны.

Ауданымыздың ауыл шаруашылығына өсімдіктерді зиянкестерден және ауырудан қорғауға, эпизоотиялық сәттілікті қамтамасыз етуге, тұқым шаруашылығын, асыл тұқымды мал шаруашылығын, мал шаруашылығы өнімдерінің сапасын, өнімділігін арттыруды қолдауға, көктемгі дала жұмыстарына және орақ науқанына қажетті жанар жағар май, гербицидтер мен тағы басқа тауарлық материалдық құндылықтардың, минералдық тыңайтқыштардың, жоғарғы репродукциялы тұқымның бағасын арзандатуға республикалық және облыстық бюджеттен 289,7 млн. теңге бөлініп, 255,4 млн теңгесі игерілді.

Ауданымыздың ауыл шаруашылық құрылымдары «ҚазАгро Ұлттық холдинг» АҚ-ның қаржы институттарымен тығыз байланыста жұмыстауы көптеген шаруашылықтарға егістік алқаптарын ұлғайтуға, жаңа техника алуларына, технологияны игерулеріне мүмкіндік берді.

2010 жылы «ҚазАгро Ұлттық холдинг» АҚ-ның қаржы институттарынан 308 млн теңгенің қаржысы игерілді.

Соңғы үш жылда біздің ауыл шаруашылық тауар өндірушілері 2 миллиардтағай теңгенің инвестициясын салды.

2010 жылы ауданымыздың ауыл шаруашылығы өнімін өндіру көлемі 10,2 миллиард теңгені құрайды деп күтілуде.

Ауданымыз 2010 жылы 239,1 мың гектар дәнді дақылдар, оның ішінде 211,2 мың гектарға бидай, 23,9 мың гектарға арпа, 1,9 мың гектарға сұлы және 2,1 мың гектарға нұт септі. Егін шаруашылығын әртараптандыру мақсатында майлы дақылдар алқабын 31,2 пайызға арттырып, 2,2 мың гектарға, картоп отырғызуды 2 есеге арттырып 551 гектарға, көк өніс, бау бақша отырғызуды 1,5 есеге арттырып 175 гектарға жеткізді. Ауданымызда алғаш рет көкөністерді тамшылатып суару технологиясы қолданылды.

Ауыл еңбеккерлері өткен жаз маусымындағы аптап ыстық, ұзаққа созылған қуаңшылықтың әсерінен болып 16 мың гектар астық дақылдар алқабы және 1,1 мың гектар майлы дақылдар алқабы аудандық астық жинау алқабының есебінен шығарылып, егін шаруашылығынан астық дақылдардың орташа өнімділігі гектарынан 4,7 центнерді, картоп 150 центнерді, көкөніс 147 центнерді құрады. Бұл өткен жылғы көрсеткіштен 25 тен 50 пайызға аз болды. Облыс бойынша астықтың орташа түсімі гектарынан 5,0 центнерді құрады.

Ауданымызда жаңа үлгідегі техниканы, озық технологияны, минералдық тыңайтқыштар қолданудың нәтижесінде «Шахтерское» ЖШС-гі (басшысы Прокоп Георгий Гергиевич), «Пржевальское» ЖШС-гі басшысы Таттыбаев Ықсан Балтабайұлы, «Жараспай» ЖШС-гі басшысы Қоңырбаев Сейілқан Оспанбайұлы, «Нұр Астық-2005» ЖШС-гі басшысы Темірбаев Атымтай Алтынбекұлы әр гектарынан облыстық орташадан 1-4,9 центнерден жоғары өнім алды.

Бүгінгі салтанатты жиында «Шахтерское» ЖШС-нен «Джон Дир» комбайнымен 2280 гектар алқаптан 2098 тонна астық жинаған облыстық жылдық үздік механизатор атағын алған Юсупов Юрий Амировичті, «Енисей» комбайнымен 843 гектар алқаптан 820 тонна астық жинаған Аханов Берік Тұяқұлы, «Отқанжар» ЖШС-нің 100 аналықтан 100 қозы алған шопаны Мазғанбетов Аділқан Қуандықұлын, 100 биеден 85 құлын алған жылқышы Тайжанов Жанболат Исатайұлы, «Қайнар» ЖШС-нен бақташы Жаншин Алтынбек Исаұлы, «Нұр Астық-2005» ЖШС-нен «Вектор» комбайнымен 2005 гектар алқаптан 1301 тонна астық жинаған Шақенов Қуандық Амангелдіұлы, 2010 жылы гектарынан 7,2 центнерден астық алған Майоровка ауылының фермері Шестернин Василий Александровичті тағы басқа да озаттарды мақтанышпен атап өттік.

Біздің ауыл шаруашылық құрылымдары мемлекеттік астық қорын қалыптастыруға белсенді қатысты. Ауданымыз мемлекеттік астық қорына 5710 тонна астық тапсырды. Бұл маңызды шараға «Шахтерское», «Пржевальское», «Қайнар», «Жараспай», «Отқанжар» ЖШС-нің, «Индустриальный», «Құлагер» ӨК-терінің қосқан үлестеріне ерекше тоқталғым келеді. Біздің ауыл еңбеккерлері дәстүрлі ауыл шаруашылығының «Ауыл береке-2010» жәрмеңкесіне белсенді қатысты. Астана, Қарағанды, Саран қалаларында болған жәрмеңкелерде 40 тоннадан астам ет, 70 тоннадан астам картоп, көк өніс, сүт өнімдерін сатты.

Егін шаруашылығында осы саланы әртараптандыруға, минералдық тыңайтқыштарды қолданып, ылғал ресурстарын сақтау технологиясын енгізуге баса көңіл бөлінді. 2010 жылы ауданымыз бойынша егістік алқаптың 56%ына ылғал сақтау технологиясын қолданып, 1860 тонна құны арзандатылған минералдық тыңайтқыштар сатып алып қолданылды.

Бизнесте әлемдік нарықтағы баға конъюктурасы шешуші роль атқаратынын бәріміз білеміз. Өткен жылы әлемдік нарықта астық бағасы құлдырап кетсе, биылғы жылы көптеген елдерде болған табиғаттың қолайсыз жағдайынан болып жоғары болып отыр. Әлемдік нарықта астықтың бағасының тұрақты болуы бізден тек егін шаруашылығын әртараптанумен шектелмей аграрлық саланы әртараптандыруды, бір сөзбен айтқанда бәсекеге қабілетті экспортқа бағытталған мал шаруашылығын дамытуды талап етеді.

90 жылдардағы онтайландыру кезінде шаруашылықтардағы мал басы күрт азайып, қазір ірі қара малдың 93%, жылқының 83%, қой ешкінің 60 пайызы, шошқаның 100%ы жеке меншікте өсіріліп, бүгінгі таңда мал шаруашылығында орташа және ірі тауарлы мал шаруашылығын бар мүмкіндіктерді ұлғайту, ұсақ тауар өндірушілердің кооперативін құру арқылы ірілендіруді мал шаруашылығын дамытудағы басым бағыт болып отыр.

Біздің ауданда ет сүт бағытындағы мал шаруашылығын, жылқы және қой шаруашылығын дамытуға мүмкіндіктер жетерлік, оған дәлел кең байтақ жайлымдық жерлер.

Мал шаруашылығының пайдалылығын арттыруда мал басының тұқымын асылдандырудың маңызы зор. Асыл тұқымды мал басының үлес салмағын арттырмайынша, мал шаруашылығының пайдалылығын арттыру мүмкін емес. Асыл тұқымды мал басының үлес салмағы республика бойынша ірі қара малда 5,2 пайыз, қойда 11,1%, жылқыда 4,5%, шошқада 10,5%, құста 10,7% болса, облысымызда ірі қара малда 0,6%, қойда 5,4%, жылқыда 0,8% шошқада 15%, құста 4,9%, ал ауданымызда қойда 23,5% ы құрайды. Мал басын асылдандыруда «Отқанжар» және «Қайнар» ЖШС-терінде мақсатты жұмыстар жүргізілсе 2010 жылдан бастап «Қарой» ЖШС-ті, «Шұбаркөл» шаруа қожалықтары ірі көлемді селекцианы қолдана бастады. Жеке секторда 17 қолдан ұрықтандыру бекеттері жұмыс істейді, бір-ақ бұл шараға жергілікті жерлерде жете мән берілмегендіктен қолдан ұрықтандырылған сиыр басы 2009 жылғыдан 268 басқа кеміген.

2010 жылдан бастап ветеринариялық саладағы қызметті жүзеге асырылатын жергілікті атқарушы органдар құрылып, осы салада жұмыстауға тиімді 28 маманнан 23 маман конкурс бойынша қабылданды.

Ауданы бойынша эпизоотияға қарсы атқарылатын іс шаралар Республикалық бюджеттің 09 бағдарламасына сәйкес 19291,9 мың теңгеге 25 ауылдық және кенттік округтер бойынша 67900 бас ірі қара малға туберкулезге, 6360 бас жылқыға маңқа аллергиялық, 41500 бас ірі қара малға, 73650 бас қой ешкіге бруцеллезге диагностикалық зерттеулер жасап, сибір жарасына қарсы- 43400 бас ірі қара малға, 62500 бас қой ешкіге, 12800 бас жылқыға, 10000 бас шошқаға, аусылға қарсы- 39000 бас ірі қара малға, 50000 бас қой ешкіге, құс тұмауына қарсы 81000 бас құсқа екпе жұмыстарын жасап, 3000 бас иттерге эхинококкозға қарсы, 1500 бас жабайы аңдарға құтыруға қарсы дәрілеу жоспарланған.

2010 жылдың республикалық бюджет есебінен атқарылатын диагностикалық және аллергиялық зерттеулер, сибір жарасы, аусыл, құс тұмауына қарсы егу, иттерді эхинокозға қарсы дәрілеу жұмыстары толығымен орындалды.

Жоғарыдағы атқарылатын жұмыстардың қортындысы бойынша буруцеллезге 16 селолық округтан 557 бас мүйізді ірі қара және 8 селолық округтан 66 қой ешкі оң нәтиже көрсетті. Осы малдар уақытында етке өткізіліп, мал орындары тазаланып, толығымен дезинфекцияланды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 4 қарашадағы 1754 қаулысымен бекітілген Кейінен өткізуге арналған ауыл шаруашылығы жануарларын союды ұйымдастыру Ережесін орындау мақсатында бүгінгі күнге 20 ауыл мен кенттерде 21 мал сою алаңдары ашылып есептік нөмір алынып, осы алаңдарында 231 бас ірі қара мал, 6 бас жылқы, 77 бас қой және 370 бас шошқа сойылды.

Ауыл шаруашылық жануарларын бірдейлендіру Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 31 желтоқсандағы 2331 Қаулысымен бекітілген Ережеге сәйкес атқарылууда.

2010 жылдың 11 қарашасындағы мәлімет бойынша 2010 жылғы қозы лақтың 88,9%, құлынның 83%, тораидың 64,4%ы бірдейленген. Бірдейлендіру шаралары жалғасып жүргізілетін болады.

Ауданымызда өзекті мәселенің бірі болып егістік алқаптарды тиімсіз пайдалану болып отыр. Бұл кемшіліктің алдын алу мақсатында консорциум және жай серіктестік құру арқылы жұмыстар жүргізілгенімен, Ақмешіт, Ахмет аулы, Көбетей, Мыңбаев ауылдарында пайдаланылмайтын егістік алқаптар аумағы азаймай отыр. Бұл бағытта өткен жылы құрылған «Нұра» сервистік дайындау орталығы арқылы қарақұмақ өсіру, шаруа қожалықтарына машина тракторлық қызмет көрсету, тамшылатып суару технологиясын енгізу бағытында бизнес жоба дайындалуда.

Орынтай Қаңтарбай,
ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімінің бастығы

ЕҢБЕКПЕН ШЫҢДАЛҒАН АЗАМАТ

Ерінбей еңбек етсең шыдай егер,
Тікен де гүлге айналып шыға келер

САҒДИ



Елбасымыз Н. Назарбаев 2010 жылы халыққа Жолдауында: «Біз тәуекелдерді өз мойнына алуға, жаңа рыноктарды игеруге, инновациялар өндіруге дайын қуатты кәсіпкерлер тобын көргіміз келеді. Нақ осы кәсіпкерлер, экономиканы жаңғыртудың қозғаушы күші болады» деп атап көрсетті.

Қоғамды дамытушы күш – адам. Өз елі мен туған жерін өркендету мақсатында тер төгіп, еселі еңбек етіп жүрген бірегей азаматтың бірі – Баршын ауылының тұрғыны Мұханалиев Боранбай Қасымбекұлы.

Ол 1960 жылдың 29 қаңтарында Қорғалжын елді мекенінде дүниеге келген. Одан соң әкесінің қызмет бабымен жаңадан ашылған Теңіз ауданына қоныс аударды. Онжылдықты Баршында бітірген Боранбай ауылдан ұзай қоймады. Жүргізушілер курсы бітірген соң әскерге аттанды.

Әкесі Мұханалиев Қасымбек Ұлы Отан соғысының ардагері, ұзақ жылдар бойы партия, кеңес органдарында еңбек еткен, кейінгі жылдары ауылдың ардагерлер алқасының төрағасы болды. Севастополь, Керчь қалаларын азат етуге қатысқан жауынгер есімі қала тұрғындарының естерінде мәңгі қалған. Қазақ жауынгерлерінің осы шайқаста көрсеткен ерлігі үшін Севастополь қаласында Қасымбек Мұханалиевке көше берілген.

Ауғанстан жерінде азаматтық борышын атқарғанда да осы қасиеттер мен әке үлгісі оған демеу болды. Бұл жайында Бораш көп айтқанды ұнатпайды. – Көппен бірге көрдік қой. Тек естен кетпесі қаншама уыздай жастардың отқа ұшырап, қара жәшікпен елге жөнелтілгені. Енді құдай ондайды көрсете көрмесін,- деп қысқа қайырды.

Мал шаруашылығы жыл сайын өркендеп, өсіп келеді. Үкімет тарапынан да қолдау баршылық. Нарқы қыспағы қысқан ыдырау кезінде кеңшар тарады, азын-аулақ малмен Үштөбеде жеке шаруа қожалығын құрған Боранбай осы еңбекқорлығының арқасында малын өрбітіп, жаз болса мал азығын әзірлеп 5-6 адамды жұмыспен қамтып отырған жайы бар.

Әке тәрбиесін көріп, жасынан бойына төзімділік, адамгершілік, адалдық пен еңбекқорлық қасиеттерін сіңірген Боранбай бүгінгі таңда ордалы отбасының иесі. Жұбайы Зәуреш екеуі 4 бала тәрбиелеп өсірді. Ұлын ұяға, қызын қияға қондыруда. Теңіз өңіріне келген әрілі-берілі өткендер де бұл үйге соқпай кетпейді. Себебі бұл үйдің есігі әрқашан да ашық, Зәурештің шәйі үнемі демдеулі.

Бикен САҒЫМБЕКҚЫЗЫ,
Баршын ауылы



Реализация программы «Питьевые воды» и о планах работ на 2011 год

В Нулинском районе в соответствии с программой «Питьевые воды» на 2002-2010 годы предусмотрены первоочередные мероприятия по бесперебойному обеспечению питьевой водой населения района. Для нормального водоснабжения сел Нулинского района требуется строительство новых и реконструкция существующих водопроводных сетей. По Государственной программе «Питьевые воды» по Нулинскому району ежегодно выделяются средства на строительство и реконструкцию водопроводов в селах. Всего населенных пунктов - 40. Общая численность населения района - 28660 человек.

Неперспективных - 10, в связи с малой численностью населения и большими затратами на проведение водопроводных сетей строительство водопроводов считается нецелесообразным. Эти населенные пункты входят в число неперспективных. Включенных в программу «Питьевые воды» - 30 - 98,5%. В том числе: Республиканский бюджет - 19, Областной бюджет - 6.

У нас до 2010 года с Исламского банка развития предусматривалось реконструкция водопроводных сетей в 5 населенных пунктах района, это Ахметауыл, Балыктыколь, Алгабас, Тассуат, Ондрус. На сегодняшний день реализован только один проект (Реконструкция водопровода с. Ахметауыл). В настоящее время проектно-сметная документация управлением ЖКХ Карагандинской области передана в район для корректировки проектов и включения реализации с Республиканского бюджета.

Централизованным водоснабжением охвачено 19 населенных пунктов (количество жителей, имеющихся централизованное водоснабжение, - 67,2%), из них: 14 - с водоразборными колонками (Баршино, с. Тассуат, с. Куланотпес, с. Изенды, с. Жанбобек, с. Алгабас, с. Жанакурлус, с. Щербакоское, с. Ткенекты, с. Талдысай, с. Соналы, с. Ондрус, Киевка, Жараспай), в 5-ти - водопровод заведен в дома (с. Пржевальское, с. Шахтер, с. Ахметаул, с. Майоровка, п. Шубарколь).

Децентрализованным водоснабжением охвачено - 11 населенных пунктов (количество жителей, пользующихся индивидуальными скважинами, - 31,3%) (с. Балыктыколь, с. Заречное, с. Акмешит, с. Кантай, с. Карой, с. им. Мынбаева, с. Куланутпес, с. Кертинды, с. Байтуган, с. Кобетей, с. Первое Мая).

На 1 января 2010 года введены в эксплуатацию 10 водопроводов, из них: 6 - с местного бюджета, 3 - с республиканского бюджета, 1 - с Исламского банка развития.

Введенные объекты по программе:

1. Местный бюджет капитальный ремонт водопроводных сетей с. Щербакоское - 2003 год, 37488 тыс. тенге, ТОО «Казмехомонтаж» г. Караганда
2. Местный бюджет капитальный ремонт водопроводных сетей с. Баршино 2005 год, 19430 тыс. тенге, ТОО «Карагандастрой» г. Караганда.
3. МБ Строительство водопровода с. Изенды 2005 год, 34110 тыс. тенге, ТОО «Энергия» г. Сарань.
4. МБ Реконструкция водопровода с. Соналы 2006 год, 33702 тыс. тенге, ТОО «Компания Нурай-строй» г. Астана.
5. ИБР Реконструкция водопровода с. Ахметауыл 2007 год, 62000 тыс. тенге «Исламский банк развития».
6. Республиканский бюджет реконструкция водопроводных сетей п. Киевка, 1-очередь (2007-2008) год, 68019 тыс. тенге, Строительство внутрипоселковых сетей и водоразборных сооружений пос. Киевка (2 очередь), (2008-2009 гг.) Общая стоимость строительства - 423942 тыс. тенге, (подрядчик ТОО компания «НурайСтрой» г. Астана).
7. МБ Строительство водопроводных сетей с. Куланотпес (2007-2008) год, 89318 тыс. тенге, ТОО «Энергия» г. Сарань.
8. РБ Реконструкция водопроводных сетей с. Майоровка. (2008-2009 гг.) Стоимость строительства - 87346,4 тыс. тенге. Подрядчик ТОО «Темир-Арка».
9. РБ Реконструкция водопроводных сетей с. Пржевальское. (2008-2009 гг.). Подрядчик ТОО «Саркан+» г. Караганда. Общая стоимость - 181812 тыс. тенге.
10. МБ Строительство водопроводных сетей с. Жараспай. (2007-2009 гг.) Общая стоимость строительства - 117321,2 тыс. тенге, (подрядчик ТОО «Компания Нурай-Строй» г. Астана).

Количество жителей, обеспеченных питьевой водой по программе «Питьевые воды», составляет - 48,8% (13975 чел в 10 населенных пунктах). В 2010 году введено два водопровода в селах Байтуган и Кобетей, где проживают около 2500 человек и общее количество обеспеченных питьевой водой составило 57,4 %

По программе «Питьевые воды» на сегодняшний день освоено - 1 154 488,6 тыс. тенге по 10 водопроводам. Для полного завершения программы «Питьевые воды» необходимо выделение средств в количестве - 1 600 000 тыс. тенге.

В 2010 году за счет республиканского бюджета проводятся работы по реализации программы в трех населенных пунктах района Кобетей, Байтуган, Шахтер. Общая сумма финансовых средств, выделенных с Республиканского бюджета, составила 181091 тыс. тенге

1. Реконструкция водопроводных сетей с. Шахтер - 153097 тыс.тенге (53097 тыс. тенге в 2010 году и 100000 тыс. тенге в 2011 году)

Общая протяженность водопроводных сетей по проекту составляет 12,27 км, из них в 2010 году запланировано 3,5 км. В настоящее время запланированные на 2010 год работы завершены.

2. Реконструкция водопроводных сетей с. Кобетей - 49649,5 тыс.тенге. Объект принят в эксплуатацию Распоряжением акима района от 24 сентября 2010 года

По объекту на сегодняшний день проложены водопроводные сети, общая протяженность которых составляет 4,28 км, установлена водонапорная башня емкостью 50м³, высотой 18 метров, электричество ЛЭП -240 метров, скважины - 2 шт., колонки - 18 шт., пожарные гидранты - 22 шт.

3. Реконструкция водопроводных сетей с. Байтуган - 78345 тыс.тенге. Объект принят в эксплуатацию Распоряжением акима района от 29 октября 2010 года

По объекту на сегодняшний день проложены водопроводные сети, общая протяженность которых составляет 8,17 км, установлена водонапорная башня - 160 м³, общей высотой 18 метров, электричество 0,4 КВА -220 метров, скважины - 2 шт. Колонки - 27 шт., пожарные гидранты -51 шт.

В настоящее время выделены финансовые средства с МБ в сумме 11114 тыс. тенге на разработку проектно-сметной документации в селах района, объявлен открытый конкурс на разработку проектов в 4-х перспективных населенных пунктах с большим числом жителей. Это:

1. Разработка ПСД на реконструкцию водопроводных сетей с. Кобетей (2-очередь) - 2950 тыс. тенге
2. Разработка ПСД на реконструкцию водопроводных сетей с. Заречное - 3450 тыс. тенге
3. Корректировка ПСД на реконструкцию водопроводных сетей с. Талдысай - 1314 тыс. тенге
4. Корректировка ПСД на реконструкцию водопроводных сетей с. Тассуат - 1400 тыс. тенге.

По итогам конкурса от 12 ноября 2010 года объявлен победитель ТОО «СункарСтройПроект» г. Караганда, руководитель Жетписов Хамиден Васильевич.

Договор заключен 17 ноября и зарегистрирован в управлении казначейства. Оплата 30% будет производиться 22 ноября 2010 года, оставшаяся сумма по графику платежей стоит в декабре месяце. Работы планируют завершить к 1 декабря 2010 года.

В 2011 году в соответствии с разработанной ПСД по новым СНиПам будут реализованы проекты по реконструкции следующих водопроводных сетей в селах Кобетей (2-я очередь), Заречное, Тассуат. На сегодня имеется заключение «ЦентрКазнедра» по запасам воды:

Заречное, Кобетей (2-я очередь), Тассуат. В соответствии с требованиями положений новых СНиПов в 2010 году представлен на корректировку проект по реконструкции водопроводов в с.Шахтер с подводкой сетей до границ домов с установкой приборов учета. Выделенная сумма для корректировки 4605 тыс. тенге, будет освоено в декабре месяце. Конкурс прошел с одного источника. Договор заключен с ТОО «Гипроводхоз» руководитель Тиль Елена Владимировна. Регистрация договора в казначействе до 1 декабря 2010 года.

Также в ГУ Управление энергетики и коммунального хозяйства области подана заявка на включение в список проектов, где необходимо проведение геологоразведочных работ на 2011 год по селам Щербакоское, Жанбобек, Баршино, Мынбаева. При положительном результате эти населенные пункты войдут в программу для реализации в 2011-2012 году.

О.АУБАКИРОВ,
начальник отдела строительства

Гүлденсе асыл. гүлденеміз бәріміз Жарасбайлықтар ісі алға басуда

«Әртараптандырудың басқа бір маңызды сегменті агроөнеркәсіптік көшөнді дамыту болып табылады. Оның дамуы негізгі үш бағыт бойынша жүргізіледі. Біріншіден, негізгі салмақ еңбек өнімділігін арттыруына түсірілуі тиіс. Н.Назарбаев. Қазақстан халқына Жолдауынан.

«Жараспай» ЖШС ауданның ең іргелі де ірі шаруашылығы негізінде құрылған. Шаруашылық егін шаруашылығымен қатар мал шаруашылығымен де айналысқан. Бүгінгі таңда шаруашылықта 11 мың гектар жерге егін егіліп, жақсы нәтижелерге қол жеткізуде. Екі жыл қатарынан шаруашылық көктемгі егіс пен күзгі жиын тәртіпін аяқтаудан бірінші болып отыр. Шаруашылық тізгінін 20 жылдан бері тәжірибелі басшы, осы ауылдың тұрмасы Сөйілхан Оспанбайұлы Қоңырбаев басқаруда.

- Бүгінгі таңда Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев, Қазақстан Үкіметі тарапынан ауыл шаруашылығын қарқынды дамытуға барлық жағдай жасалынған, дейді тәжірибелі басшы. Салықтың жеңілдетілген түрі, көктемгі егіс пен күзгі жиын - тәртіпке қажетті жанар - жағар майға, минералдық тыңайтқыштарға бюджет тарапынан сусидиялар еш кідіріссіз бөлінуде. Атап айтсақ, тек биылғы жылы 320 тонна минералдық тыңайтқышқа біздің шаруашылығымыздың өзі 11 млн тенге субсидия игерді. Ал бұл дегеніміз алынатын өнім көлемін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Көйінгі үш жылда жер мәдениетін көтеру, агротехникалық шараларды жүзеге асырудың арқасында егіс көлемін де ұлғайттық, өнімділік те көбейді. Биылғы жыл қуаңшылық болғанымен жарасбайлықтар гектарынан 6,7 центнерден астық жинады. Астықтың сапасы да жоғары болды.

Жаңа жұмыс орындары ашылып, тұрғындардың өмір сүру с апасы да артты. Қысқа сақадай сай өзірленген, орақ науқанын ойдағыдай аяқтаған жарасбайлықтар өнді мал қыстату науқанына соңғы өзірліктерді жүзеге асыруда. Қора-қопсылар жөндеуден өткізіліп, қысқа жем шөп жеткілікті жеткілікті мөлшерде өзірленіп, әр үйге жеткізілген. Тұрғындар жеке мөншігінде қанша мал ұстаймын десе де шектеулік жоқ

- Ауылдың да ауылдықтардың да жағдайлары жақсы, - деп жалғастырды еңгімесін Сөйілхан Оспанбайұлы. Бұл шаруада ауданның жергілікті атқарушы органдарының еңбегін атап өткім келеді. Аудан әкімі Серік Шайдаровтың басшылығымен ауылдың мектебі екі жыл қатарынан «Жол картасы» бойынша күрделі жөндеуден өтті. Бірнеше жыл қаңырап тұрған Мәдениет үйі іске қосылды. Осының бәрі ауылдықтарға көрсетілген қамқорлық.

Сөйілхан Оспанбайұлы Қоңырбаев ел тізгінін қолына алғаннан бергі аз уақыттың ішінде жарасбайлықтар талай өзгерістердің куәсі болды. Талпыныстары нәтиже берген қуанышты сәттерді де, «ел өрге, ер жерге қараған» қиын көзәндерді де бастан өткерді. Қалай болғанда да қарапайым халық өздерінің басшыларына деген сенімдерін жоғалтпады.

Жарасбайлықтардың бүгінгі қол жеткізген жетістіктерінің сырын олар басшылары Сөйілхан Оспанбайұлының іскерлігі мен ұйымдастыру қабілетін қоса, егіншіліктің қыры мен сырына ғылыми-практикалық тұрғыда небір өміршең тұсынан қанік екенімен байланыстырады. Бұл жерде, Сөкенің ғылыми агроном мамандығымен Ақмола ауылшаруашылығы оқу орнын төмөндап, туған ауылында агроном болғанын ескерсек, артық таңданатын да ештеңесі жоқ сияқты. Әлбетте, маманның да маманы бар шығар...

Бикен АХМЕТОВА

«Нұр Отан»

ПОЛУЧЕНИЕ ПЕНСИЙ БЕЗ ПРОБЛЕМ

